**Бекітемін:**

**Мектеп директоры:**

# 2022-2023 оқу жылының Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспары

**2022-2023 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

## 2022-2023 оқу жылы

### *Түсінік Хат*

мектебінде тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды.Тәрбие жұмыстар барлық ынталы тараптар : отбасы,білім беру ұйымдары , қоғамның кең ауқымда кешенді түрде жүзеге асырылады.

1. **«Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы»** Республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Ұлан») Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымы болып табылады.
2. «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.
3. «Жас Ұлан» өзінің қызметін шығармашылық, спорттық, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесе жүзеге асырады.
4. «Жас Ұлан» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамасы және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. 2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағыАқтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде және Ойыл аудандық білім дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 23/7 ережесі негізіндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 2016 ж 26 сәуір

Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

### Қазақстан Республикасының заңдары

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
3.Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
4.Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
5..Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
7.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
8.Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)

Scanned with CamScanner

9.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
10.Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
11.Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)
12.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
13.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
14.Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)
15.Қазақстан Республикасының «Кәмелекетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы
17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)
18.АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)
19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;
20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" заңы;
21. "Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" Ұлттық ақпараттық науқаны;
22. "Қауіпсіз мектеп" республикалық акциясы
23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңы.

Scanned with CamScanner

**2022-2023 оқу жылының «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының талдауы**

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының моделі – балалардың қазіргі замандық қоғамда өз орнын табуына, Отаншылдық және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне, еркін шығармашылық қабілеттерін дамытуына мүмкіндік береді.

**"Жас Ұлан"** - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалатындығы өмір шындығы.Бүгінгі мектеп оқушылары ,ертеңгі ел тізгінін ұстайтын,оны алға апаратын азаматы болғандықтан мектептердің дамуымен оның ертеңгі көк жиектері тәуелсіз мемлекетімізбен қоғамның басты назарында.

Сондықтан да оқушылар арасындағы жоспарды жоғары деңгейде ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жұмыс жоспары 7 бағыт бойынша жасалынды.

Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге,қазіргі заманғы отандық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға , тәрбие және оқу процесіндегі үйлесімділікті қолдануға қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған.

Жоспар бойынша келесі бөлімдер қамтылды:

Мектеп жұмысы Жас Ұлан жұмысының орталығы ретінде: Жалпы іс-шаралар;

Мектептегі тыс ұйымдармен жұмыс;

Сынып жетекшілер,ата-аналамен жұмыс;

Мектеп психологімен жұмыс.

«Жас Ұлан» қатарына орта білім беру ұйымының кез-келген оқушысы, қоғамның дамуына үлес қосуға ниет білдірген, ұйымның ережелері мен қағидаларын қабылдайтын, оны құрметтеп, оның талаптарына сәйкес әрекет ететін ұл немесе қыз, ер бала немесе бойжеткен қабылдана алады. Ұйым екі буыннан құрылған: - «Жас Қыран» төменгі буыны — 6-10 жас аралығындағы балалар; - «Жас Ұлан» аға буыны —11-16 жас аралығындағы балалар.

«Жас Ұлан» қатарына қосылу үшін төмендегілер қажет: - қатарға қосылатынның анық жазылған жеке қолтаңбасымен ұйымға қабылдау туралы толтырылған, ата-аналарымен ұлының немесе қызының «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қосылуына келісім берілгені куәландырылған өтініші;

2022-2023 оқу жылында ұйымға қабылданатын оқушылардың мәліметтер базасы жинақталды.Ұйым мүшелерімен, сыныптың Ұланбасылары мен сыныптың белсенділерінің мәліметтері алынды.

Scanned with CamScanner

Мектеп бойынша «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына І оқу тоқсанында «Жас Қырандар саны -12, ал Жас Ұландар – 65 болды.

Соркөл орта мектебінің Тәлімгер өз жұмысында ҚР конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын, жалпы білім беретін ұйымдар туралы типтік ережелерді, ҚР Президентінің қаулыларын, ҚР үкіметінің шешімдерін, оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша барлық білім басқарма органдарының шешімдерін, әкімшілік, еңбек және шаруашылық Заңнамаларын, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы сақтық ережелер мен нормаларын, сонымен қатар жарғымен және жергілікті заңға сүйенген актілермен (соның ішіндегі қазіргі лауазымдық нұсқау), еңбек келісім-шартты, мектеп директорының бұйрықтарын басшылыққа алды. Мектеп тәлімгері бала құқығы туралы Конвенцияны сақтады.

Балалардың қоғамдық ұйымдарының, бірлестігінің қызметіне жағдай жасады, оқушылардың еріктілік қағидаларының қызметіне, өзіндік,адамгершілік және өз еркі есебіндегі демократизмді бағдарламалауға көмек көрсетті. Балалардың ұйымдары, бірлестігінің формалары мен мазмұнын жаңартуға көмектеседі, өмір талабы мен оқушылардың жас ерекшелігіне сай олардың ұжымдық-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырды. Жұмыс істейтін балалар мен жастар ұйымдары және бірлестіктері туралы оқушыларға хабарлау шарттарымен қамтамасыз етті.

Тақырыпқа сәйкес өткен жұмыстың көрнекілік рәсімдеуін ұйымдастырды.

Мектепте қолайлы жағдай жасады, оқушыларға азаматтық және адамгершілік позицияны көрсетті, мүдделері мен қажеттіліктерін іске асырды, оқушылардың бос уақытын қызықты және пайдалы өткізді. Сенілген оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің қамын ойлады, өртке қарсы сақтық, техника қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтады. Оқушылардың бостандықтары мен заңды құқықтарын сақтайды. Мектептің Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін, басқа жергілікті заң актілерін сақтады. Осындай ауқымды істердің басы-қасында жүретін аға тәлімгер үнемі ізденіс үстінде болды.

Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру; балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру; танымдық жұмыстарды ынталандыру; балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау; жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында аға тәлімгер мектеп ұжымымен бірлесе жұмыс атқарды.

Мектеп тәлімгері 2022-2023 оқу жылында **«Жас Ұлан»** ұйымының жылдық жоспарын, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлескен жоспарын, мектеп комитетімен бірлескен жоспарын, сынып жетекшілермен бірлескен жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты. Жылдық жоспардың негізінде айлық, апталық жоспарлар түзілді.

Scanned with CamScanner

Мектепте ұйым Ұланбасшысы, мектеп комитетінің мүшелері сайланып, қашықтықтан барынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Республикалық бірыңғай **«Жас Ұлан»** балалар мен жасөспірімдер ұйымы төмендегі 7 бағыт бойынша жұмыс жүргізеді:

1. **«Руханият»**
2. **«Отан»**
3. **«Жеті Жарғы»**
4. **«Салауат»**
5. **«Экоәлем»**
6. **«Еңбек»**
7. **«Зерде»**

**«Отан» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:**

1. **«Кел балалар оқылық!»** салтанатты жиыны өткізілді.
2. **«Еңбек білім »** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
3. **«Абайлаңыз, балалар!»** онкүндігі аясында балалар бастамасы ұйымдастырылды.
4. **«Абайлаңыз, балалар!»** онкүндігі аясында танымдық сабақтар өткізілді.
5. **«Абайлаңыз, балалар!»** профилактикалық іс-шаралар» онкүндігі аясында **«Басталар әр қадамың аттауменен, жол жүру ережесін сақтауменен»** тақырыбымен сынып сағаттары өткізілді.
6. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Қыз болашағы-ел болашағы»** тақырыбымен қыздар жиналысы өткізілді.
7. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Заң-Оқушы-Қоғам»** тақырыбымен ұлдар жиналысы өткізілді.
8. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Қылмыссыз балалық шақ»** тақырыбымен сынып сағаттары өткізілді.
9. мектеп басшысы **«Мектеп Парламенті»** мүшелерімен кездесті.
10. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Заң-Оқушы-Қоғам»** тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
11. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Жасөспірім және қауіпсіздік»** тақырыбында ұлдар жиналысы өткізілді.
12. **«1 қазан-Қарттар күні», «3 қазан-Ұстаздар күні»** мерекелеріне орай **«Мектеп Парламенті»** мүшелерінің қатысуымен **«Өзін-өзі басқару»** күні ұйымдастырылды.
13. **«Бала құқығы-адам құқығы»** тақырыбы аясында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Scanned with CamScanner

14. **«Ауылдың гүлденуі-Қазақстанның гүлденуі»** марафоны аясында байырғы ауыл тұрғындарымен, ауыл ақсақалдарымен, ардагер ұстаздармен кездесулер өткізілді.
15. **«Бала құқығы-адам құқығы»** Республикалық айлығы аясында **«Мектеп Парламенті»** мүшелері 6-7 сынып оқушыларымен кездесті.
16. **«Құқық қорғаушылар күні»** аясында **«Мен Отанымды қорғаймын!»** әскери-патриоттық жиыны өткізілді.
17. 1-5-ші сынып оқушыларынРеспубликалық бірыңғай **«ЖасҰлан»** балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.
18. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай **«Тәуелсіздік-тұғырым!»** тақырыбымен халық қалаулылары, ауыл ақсақалдары, ардагер ұстаздарының қатысуымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
19. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай **«Тәуелсіздік- тұғырым!»** тақырыбымен ашық тәрбие сағаттары, сынып сағаттары өткізілді.
20. «Жарылқа, Жаңа жыл» атты тақырыпта 1-11 сыныптар аралығында жаңа жылдық мерекелік кеш болып өтті.
21. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай Ауған соғысы ардагері Мұрат Бутумбаевпен кездесу,әскери жетекшілердің ұйымдастыруымен танымдық сабақтар, батылдық сабақтары өткізілді.
22. Ауған соғысы ардагерлерін еске алуға арналған аймақтық әскери сайыста мектебіміздің оқушылары үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі *III* орынды иемденді.

**«Руханият» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:**

1. Республикалық **«Мектепке жол»** акциясы өткізілді.
2. 9-шы сынып оқушыларының қатысуымен **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Рухани бай елдің ұрпағымын»** тақырыбымен эссе байқауы ұйымдастырылды.
3. **«Ұлттың тілі, дәстүрі, мәдениеті-сол ұлттың жаны, жан дүниесі»** тақырыбымен Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Қуандықов Сұлтанғали Нұрлыбайұлымен кездесу өткізілді.
4. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Мәдениет-ұлттық қайта өркендеу коды»** тақырыбымен **«Дін істері»** басқармасының теолог мамандарымен кездесу өткізілді.
5. **«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі»** тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.
6. **«Мектеп Парламенті»** мүшелері **«Жәдігерлер сыр шертеді»** жобасы аясында өңіріміздің киелі жерлеріне саяхат жасады.
7. Халықаралық қарттар күніне,Ұстаздар күніне орай **«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы»** тақырыбында ұстаздарға арналған мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Scanned with CamScanner

8. 2022 жылға арналған «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі жол картасы бойынша атқаратын іс-шара жоспары негізінде көрнекті халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай мектеп оқушыларымен танымдық іс-шаралар өткізіліп, оның туындылары туралы кеңінен насихатталды.
9. 2022 жылғы 1 наурыз күні «Мектеп Парламенті» мүшелері көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген Алғыс айту күніне «Алтын жүрек» челленджін ұйымдастырды.
10. Ақиық ақын, қазақ әдебиетінің заңғары Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» тақырыбында әдеби кеш, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ұлы даланың Ұлы ұстазы» тақырыбында іс-шара, Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай іс-шаралар, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай әдеби-танымдық кеш, Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл толуына орай, қоғам қайраткері, ұлт мақтанышы Д.А.Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, Роза Бағланованың 100 жылдығына орай танымдық сабақтар өткізілді.
11. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде арнайы жоспар жасалынып, жүйелі жұмыс жүргізілуде.

12. 2022 жылғы 5 наурыз күні ата-ана, мектеп, оқушы үштік одақ арасында қарым-қатынасты қалыптастырып, нығайту, ата-аналардың рухани адамгершілік құндылықтарды дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыру, ата-ана, мұғалім, оқушы үштік одағының бір бағытта ынтымақтастықпен жұмыс жасауын дамыту, отбасында ата-ана-бала тәрбиесіндегі басты тұлға екендігін ұғындыру мақсатында **«Қызға қырық үйден тыю»** тақырыбында қыздар жиналысы болып өтті.

**«Зерде» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:**

1. 5 қыркүйек-Қазақстан Республикасы халқының тілдері күнін мерекелеуге арналған жоспар жасалынып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің қатысуымен **«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі»** тақырыбымен эссе байқауы өткізілді.
2. «5 қыркүйек-Қазақстан Республикасы халқының тілдері күні» мерекесіне орай **«Тіл тағдыры-ел тағдыры»** тақырыбымен апталық өткізілді.
3. **«Тіл-татулық тірегі»** тақырыбымен 7-11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы ұйымдастырылды.
4. Мектеп оқушыларының қатысуымен **«Нағыз қазақ-қазақ емес, нағыз қазақ домбыра»** атты домбырашылар флешмобы ұйымдастырылды.
5. 11 қазан-Халықаралық қыздар күніне орай 7-ші сынып оқушыларының қатысуымен **«Қыз болашағы-ұлт болашағы»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Scanned with CamScanner

6. 11қазан-Халықаралық қыздар күніне орай 7-11 сыныптарда **«Қыз болашағы-ұлт болашағы», «Арулар-тіршілікке күре тамыр»** тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.
7. **«Қыз бала-ұлтымның ұйытқысы, болашағымның бағдары»** тақырыбымен мектеп мейірбикесі қыз балаларға арнап лекция оқыды.
8. Мектеп оқушылары **«Әдет-ғұрып және салт-дәстүр»** орталығында ұлттық құндылығымызды ұлықтап, көне қолөнерді жаңғырту мақсатында өткен **«Сырмақ шерткен сыр»** шеберлік сағатына қатысып қайтты.
9. **О**тбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында **«Бақытты отбасы-бақытты балалық шақ»** тақырыбымен 3-ші сынып оқушылары арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.
10. Аналар күніне орай **«Ата-ананы құрметтеу-адамзаттыңборышы»** тақырыбымен 8-ші сынып оқушылары арасында эссе байқауы ұйымдастырылды.
11. **«Құқықтық сауаттылық» айлығы аясында «Бала қауіпсіздігі-басты назарда»** тақырыбымен ата-аналар жиналысы өткізілді.
12. Аналар күніне орай 4-ші сынып оқушыларының қатысуымен **«Аналар тіршілікке күре тамыр»** тақырыбымен сурет салу акциясы ұйымдастырылды.
13. **«Дара жол»** дебат клубы мүшелері арасында **«Ауыл-рухани құндылықтың бастауы»** тақырыбында жолдастық кездесу өткізілді.
14. 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен саяси-қуғын сүргін құрбандары мұражайында танымдық сабақтар өткізілді.
15. **«Ауылдың гүлденуі-Қазақстанның гүлденуі»** марафоны аясында **«Дара жол»** дебат клубы мүшелері арасында жолдастық кездесу ұйымдастырылды.
16. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығын мерекелуге арналған **«Жұлдызды 30 күн»** мерекелік іс-шаралар жоспарына сәйкес **«Тәуелсіздік жетістіктері»** тақырыбымен **«Даражол»** дебат клубы мүшелері арасында пікірталас ұйымдастырылды.
17. **«Тәуелсіздік-таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз»** тақырыбымен пікірталас өткізілді.

**«Экоәлем» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:**

1. **«Мектеп Парламенті»** мүшелері **«Жәдігерлер сыр шертеді»** жобасы аясында өңіріміздің киелі жерлеріне саяхат жасады.
2. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы асында **«Өнерлі жас»** тақырыбымен қолөнер байқауы ұйымдастырылды.
3. 8-9 сынып оқушылары арасында **«Күз ханзадасы мен ханшайымы»** байқауы ұйымдастырылды.
4. **«Ұлттық қолөнер-тәрбие көзі»** тақырыбымен қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

Scanned with CamScanner

5. **«Қар барысын бірге сақтайық!», «Құстар-біздің досымыз», «Ғажайып су асты әлемі»** тақырыптарында балалар суреттерінің көрмесі ұйымдастырылды.

**«Еңбек» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:**

1. **«Еңбек елдің мұраты»** жобасы аясында **«Мен кәсіптер әлемінде»** тақырыбымен эссе байқауы ұйымдастырылды.
2. 5-6 сынып оқушылары арасында **«Күз кереметтері»** тақырыбымен көрме ұйымдастырылды.
3. Семей полигонының жабылғанына 31 жыл толуына орай «Қауіпсіздік экология әлемі» тақырыбымен экологиялық сыныптан тыс іс-шара өткізілді.
4. Мектеп оқушылары мектеп жылыжайында тәжірибелік жұмыстар жасап, қызанақ, қияр өсіріп, өмірлік тәжірибе жинақтады. Мектеп ауласында күзгі, көктемгі көгалдандыру жұмыстарына белсене қатысты.

**«Жеті Жарғы» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:**

1. **«Құқықтық сауаттылық»** айлығы аясында **«Қылмыссыз жарқын болашақ»** тақырыбымен сахналық қойылымдар байқауы ұйымдастырылды.
2. **«Қыз болашағы-ұлт болашағы»** жобасы аясында **«Инабат»** қыздар клубы, **«Айбын»** ұлдар клубының жұмысы жолға қойылған. Клубтар ай сайын жиналыстарын өткізіліп, **«Бүгінгі қыз-ертеңгі ана», «Қызға қырық үйден тыю», «Ертежүктіліктің алдын алу», «Жеке бас гигиенасын сақтау», «Жігітке жеті өнер аз», «Арақ аздырады, темекі тоздырады», «Есірткісіз болашақ!»** тақырыптарында пікірталастар ұйымдастырылып, жиналыстар өткізілді.
3. Оқушылардың сыбайлас жемқорлық туралы білімдерін тереңдету, Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, саяси сауаттылыққа баулу мақсатында 2023 жылғы 10 наурыз күні «Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбымен адалдық сағаттары өткізілді.
4. Дүниежүзілік балалар күніне орай **«Бала құқығы-адам құқығы»** тақырыбында айлық ұйымдастырылып, өткізілді.

1. Мектепте жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылар арасында **«Жас полиция»** тобы құрылған.
2. **«Мәдениет-ұлттық қайта өркендеу коды»** тақырыбымен **«Дін істері»** басқармасының теолог мамандарымен кездесу өткізілді.

**«Салауат» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:**

1. **«Дені сау отбасы-салауатты ел!»** ұлттық бағдарламасы аясында емхана дәрігерлерімен бірлесе «Дұрыс тамақтану. Алғашқы медициналық көмек. Ауыз қуысы. Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Scanned with CamScanner

2. Дене шынықтыру әдістемелік бірлестігі мұғалімдері мектеп оқушылары арасында **«Спорт-жалынды жастардың қалауы»** тақырыбымен үстел үсті ойындары бойынша спорттық сайыстар ұйымдастырды.
3. Дене шынықтыру әдістемелік бірлестігі мұғалімдері мектеп оқушылары арасында **«Спорт-жалынды жастардың қалауы»** тақырыбымен спорттық сайыстар ұйымдастырды.
4. **«Тәуелсіздік-Ұлы Дала Ұрпақтарына аманат!»** тақырыбымен спорттық сайыстар ұйымдастырылды.
5. **«Салауатты өмір салты»** жобасы аясында семинар-тренинг өткізілді.
6. **«Тәуелсіздік-Тәңір берген тәтті сый»** тақырыбымен спорттық сайыстар ұйымдастырылды.

Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:
- Мектепішілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Семинар, конференция, форум, байқау,сайыстарғақатысу;
- Мектептегі, одан тыс мәдени-әдеби, тарихи, әскери-спорттық іс-шараларға қатысу және оларды өткізу;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- «Мектеп тынысы» газетін насихаттау, жарнамалау, тарату;
- Басқа да қоғамдықұйымдарменбайланысорнату;
- Мектептегі ақпараттарды сайдқа жариялау;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін артыру.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1.«Жас Ұланның» мақсаты:
- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

2.2.«Жас Ұланның» міндеттері:
- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Scanned with CamScanner

3. ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

3.1. «Жас Ұлан» келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;
- танымдық;
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- шығармашылық.

3.2.«Жас Ұлан» қызметінің қағидалары:

- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;
- еріктілік және қол жетімділік;
- ұрпақтар сабақтастығы мен «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;
- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың бірлігі;
- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

**Күтілетін нәтиже:**

Әрбір «Жас Ұландықтан» Отан мүддесі үшін қызмет ететін маңызды қасиеттерді меңгерген, Отанның мүдделерін қорғау жөнінде азаматтық борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрпын негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы:

Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлейтін жастардың көбеюі;

Оқушылардың мектеп қабырғасында бастап кемел білімге, кенен кәсіпке жақын болуы, сол арқылы Отанымыз – Қазақстанның дамуына, ондағы
азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына өз үлесін қосатын шын мәніндегі Отаншыл азаматтардың қалыптасуы;

Оқушылар өзін-өзі басқара отырып, елжандылыққа, өнерге, білімге, адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиеленеді;

Оқу-тәрбие жұмысының сапалы жүруіне сынып белсенділері өзінің құқы, міндеті, жауапкершілігі арқылы өз үлестерін қосады;

Болашақта жан-жақты дамыған, адами құндылықтары бойына қалыптасқан, ел тұтқасын ұстайтын жеке тұлғалар шығады;

Ойы, тәні, жаны, ісі әсем тұлға шығады;

Scanned with CamScanner

**«Жас Ұлан» «Жас Қыран»** балалар мен жасөспірімдер ұйымының атқарылатын іс-шара жоспары

| № | Іс-шара атауы | Өткізілу формасы | Орындалу мерзімі | Бағыты | Қатысу шылар | Аяқталу формасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» | Топтық сайыс | | Зерде | 3-4 кл | Фотоақпарат марапатттау |
| 2 | «Тіл білгірлері» | Интелектуалды сайыс | | Зерде | 5-6 кл | Хабарлама |
| 3 | «Менің өмірлік жоспарым, келешегім, мүмкіндігім» | Жобалар байқауы | | Зерде | 6-8 кл | Фотоақпарат марапатттау |
| 4 | «Тілпарасаты» іскерлікойыны | Интел. ойын | | Зерде | 3-4 кл | Хабарлама |
| 5 | «Құқықтық сауаттылық заман талабы» | Дөңгелек үстел | | Жеті жарғы | 7-8 кл | фотоесеп |
| 6 | «Қауіпсіз мектеп автобусы» | Сурет көрмесі | | Жеті жарғы | 1-4 кл | фотоесеп |
| 7 | «Сыбайлас жемқорлық деген не?», | Сауалнама | | Жеті жарғы | 7-11 кл | Қорытынды хабарлама |
| 8 | «Құқық және заң» | Топтық сайыс | | Жеті жарғы | 8 кл | Фотоесеп |
| 9 | Қайталама шикізат жинау бойынша «Эко-үстел» экологиялық ойыны | ойын | | экоәлем | 5-8 кл | Онлайн фотоақпарат |
| 10 | «Бірыңғай іс-қимыл күні» акциясы | Экологиялық акция | | экоәлем | 1-4 кл | Ақпарат |
| 11 | «Жүгір және тазала» плоггингтер тізбегі #TAplogging хештегі | плоггингтер тізбегі | | экоәлем | 5-8 кл | Хабарлама |
| 12 | «Қоқыссыз әлем» сынып сағаттары | Сынып сағаты | | экоәлем | 1-4 кл | Хабарлама |
| 13 | «Есірткісізкелешек», «Арман! Еңбек! Сенім!» | флеш-моб | | салауат | 3-6 кл | Видеожинақ |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аттыфлеш-моб | | | | | |
| 14 | «Интернетке тәуелділіктің алдын алу» | сауалнама | | салауат | 7-8 кл | Қорытынды хабарлама |
| 15 | «Денсаулық – басты байлық» | Медбикемен кездесу | | салауат | 9-10 кл | Фотоесеп |
| 16 | «Экология біздің әлеміміз | | | Экоәлем Зерде | 3-4 кл | Хабарлама |
| 17 | «Еңбек түбі – береке!» | Тәрбие сағаты | | еңбек | 9 кл | фотоақпарат |
| 18 | «Мұндай мамандықтар бар» | презентациялар байқауы | | Еңбек | 6-9 кл | фотоақпарат |
| 19 | «Мамандықтар әлемі» | Мамандықтарға онлайн саяхат | | еңбек | 9 кл | Қорытынды хабарлама |
| 20 | «Мен кәсіптер әлемде» | Эссе байқауы | | еңбек | 5-7 кл | фотоақпарат |
| 21 | «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын | Саяхат-ойын | | руханият | 8 кл | фотоақпарат |
| 22 | «Әдептілік белгісі-иіліп сәлем бергені» | пікірсайыс | | руханият | 9-10 кл | Хабарлама |
| 23 | «Айгөлек-2024» | ән-би байқауы | | руханият | | марапаттау |
| 24 | «Сұлулық сыры неде?» | көркемсурет галереялары | | руханият | 5 кл | Хабарлама |
| 25 | «Мәңгілік елдің ұрпағы - біздің болашағымыз» | тәрбие сағаты | | отан | 3 кл | Хабарлама |
| 26 | «Жеңіс Ұландары» жобасы | ҰОС ардагерлеріне көмек көрсету | | отан | 9-10 кл | Қорытынды хабарлама |
| 27 | «Мен және менің отбасым» | Сурет көрмесі | | отан | 1-4 кл | Есеп |
| 28 | ««Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны», | Видеоролик көрсету | | отан | 3 кл | Видеожинақ |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 29 | «Қазақстанның Халық Қаһарманы,Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты,паризан жазушы Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры Қасым Қасйсеновтың 105 жылдығы | Мерекелік шара | | отан | | Қорытынды хабарлама |

Scanned with CamScanner